

**Студенттерді ЖОО-ға қабылдауды ЖОО-ның қабылдау
комиссиялары күнтізбелік жылғы 10 - 25 тамыз аралығында өткізеді**

Оқуға түсу үшін қажетті құжаттар:

- білімі туралы құжат (аттестат, диплом қосымшасымен түпнұсқа);
- сертификат (ҰБТ);
- мемлекеттік білім гранты туралы куәлік (бар болған жағдайда);
- жеке куәлік көшірмесі;
- 3х4 өлшеміндегі алты фотосурет;
- 075-У нысанындағы медициналық анықтама;
- Шығармашылық емтихан өткендігі туралы ведомостан үзінді;
- әскери комиссариатқа тіркеу куәлігінің көшірмесі (ер балаларға, күндізгі бөлімдерге) (приписной);
- мемлекеттік білім грантын алуға жеңілдік беретін құжат (I-II топтағы мүгедектер және бала кезінен мүгедектігін растайтын анықтама; жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалғанын растайтын құжаттар; Ұлы Отан соғысының қатысушыларымен мүгедектеріне теңестірілгендігі туралы анықтама; ҚР азаматы болып табылмайтын ұлты қазақ азаматы туралы құжат; кәмелетке толмаған төрт және одан да көп балалар тәрбиелеп отырған отбасы екенін растайтын құжаттар (18-ге толмаған отбасы мүшелерінің туу туралы куәліктері, ата-анасының біреуінің жеке куәлік көшірмесі мен неке қию туралы куәлігі, 18-ге толған жағдайда оқу орнынан анықтама); кемінде үш жыл толық емес отбасы (неке бұзу туралы куәлік немесе ата-анасының біреуі қайтыс болғаны туралы куәлік, жалғыз басты ата-ана екіндігін растайтын құжат); бала кезінен мүгедек балаларды, I-II топтағы мүгедектерді тәрбиелеп отырған отбасы үшін (отбасындағы мүгедек баланың мүгедектігі туралы анықтамасы, туу туралы куәлігі және ата-анасының біреуінің жеке куәлік көшірмесі, неке қию туралы куәлігі).

Ескертпе: 2024-2025, 2025-2026, 2026-2027 оқу жылдарына арналған білім беру бағдарламаларының топтары бөлінісінде жоғары білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысында төмендегі категориялар бойынша квота қарастырылған: (I-II топтағы мүгедектер және бала кезінен мүгедектер, мүгедек балалар арасынан шыққан азаматтар-1%, жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар үшін-1%, Ұлы Отан соғысының қатысушыларымен мүгедектеріне теңестірілген адамдар үшін -0,5%, ҚР азаматы болып табылмайтын ұлты қазақ азаматтар үшін - 4%, кәмелетке толмаған төрт және одан да көп балалар тәрбиелеп отырған отбасылар-5%, кемінде үш жыл толық емес отбасы мәртебесі бар отбасыларға -1%, бала кезінен мүгедек балаларды, I-II топтағы мүгедектерді тәрбиелеп отырған отбасыларға -1%)